

1.Мамандықтың атауы: 04210100 - Құқықтану

Біліктілігі: Заңгер

Оқу мерзімі: 11 сынып негізінде 1 г. 10 м

9 сынып негізінде 2 г. 10 м.

Бейін бойынша пән атауы: Бейіндік пән атауы: Құқық негіздері

Дүниежүзі тарихы (11 сынып)

Құқық негіздері

Әдебиет (оқыту тілдері бойынша) (9 сынып)

2. Ұқсас мамандықтар:

- Құқық қорғау қызметі;

- Құқық және әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыру;

- Юриспруденция.

3.Кәсіптік қызметтік саласы: құқық, юриспруденция

4.Мамандықтың біліктілігі:

- **Еңбек пәні бойынша кәсіптердің түрі:** заңгер адамдармен жұмыс жасағандықтан (заң қызметі саласында пайда болған қиын жағдайды талдайды, оларды шешуге көмектеседі), бұл мамандықты еңбек пәнінің «Адам-Адам» түріне жатқызуға болады.

- **Кәсіптер түрінің белгісі бойынша мақсаттары:** танымдық (іздігіру)

- **Кәсіптер еңбек белгісіне қарай:** қызметтік.

-**Еңбек жағдайларына байланысты мамандықтың түрі:** адамның өмірі мен ар-намысы үшін жоғары моралдық жауаптылықты талап ететін жағдайдағы жұмыс.

- **Мамандық класы:** шығармашылық; еңбек сипаты бойынша заңгер мамандығы талдаумен, жоспарлаумен, ұйымдастыру мен басқарумен, конструкциялау, ерекше шешімдер қабылдаумен байланысты, тәуелсіз, өзіндік ойлауды талап етеді.

5. Мамандықтың сипаттамасы:

Заңгер – құқықтану, заң ғылымдары бойынша маман («заңгер» ұғымы заңгерлік қызметпен айналысатын соттар, тергеушілер, прокурорлар, нотариустар, заң кеңесшілері, адвокаттар және т.с.с. мамандармен біріктіріледі).



Кеңесші-заңгер маманы келесі кәсіби қызмет түрлерін іске асырады:

-консультациялар: кәсіпорын құрылымдық бөлімшелеріне және қоғамдық ұйымдарға әртүрлі құқықтық құжаттарды ресімдеуге құқықтық көмек көрсетеді;


-ұйымдық-басқарушылық: кәсіпорын қызметкерлерін ұйымдастыру, құқықтық басқару мәселелері бойынша кеңес береді;

-мемлекеттік-құқықтық қолданыстағы заңды нормативтік актілерді жүйелі түрде есепке алу мен сақтау бойынша жұмыс жүргізеді, олардың күшінің жойылуы, өзгертілуі мен

толықтырылуы туралы белгілер қояды, қазіргі ақпараттық технологиялар мен есептеу құралдарын негізге ала отырып, анықтама құжаттарын әзірлейді;
- шаруашылық-құқықтық кәсіпорын қызметінде пайда болатын құқықтық мәселелер бойынша қорытынды дайындауға, сол сияқты, кәсіпорын қызметін жетілдіруге байланысты ұсыныстарды әзірлеуге қатысады.

6. Маманға қойылатын ерекше талаптар:

- Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болуы
- Ұқыптылық
- Сенімділік
- Жауапкершілік
- Объективтілік
- Эмоционалды-психологиялық тұрақтылық
- Жоғары қабілет ойлау



7. Медициналық қарсы көрсетілімдер:

- Психикалық және жүйке аурулары
- Жүрек тамырларының ауруы
- Көру және дыбыс есту сезім мүшелері бұзылушылықтары
- Сөйлеу аппаратының ауруы

8. Кәсіптік дайындыққа қойылатын талаптар:

Маман білу міндет:

- заң көмегіне мұқтаж тұлғаларға кеңес беру (құқықтық көмек, заңнамалар бойынша анықтамалық-ақпараттық көмек);
- заңдарды, заңға тәуелді нормативтік актілерді, халықаралық келісім-шарттармен етене таныс болып, оларды тәжірибеде қолдану;
- мүліктік-құқықтық сипаттағы заң құжаттарын, келісім-шарттарды, актілерді құрастыру, оларды рәсімдеуге көмек тигізу;
- заңдылықтың сақталуын қадағалау (әлеуметтік нормалар мен қатынастарды құқықтық реттеу;
- азаматтарды, мекемелерді, мемлекетті құқықтық қорғаумен қамсыздандыру, сот отырыстарына қатысу (сотта қорғаушы болу немесе айыптауды қолдау).



Маман үйренуі міндет: Қазақстан Республикасының заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне талдау жасау және қолдану; жеке және заңды тұлғалардың; мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету; оқиға мен заңды фактілерді заңға сәйкес дұрыс сыныптау; құқықтық сипаттағы құжаттарды рәсімдеу; нормативтік актілерге құқықтық сараптама жасау; шешімдер мен әртүрлі құқықтық әрекеттерді заңға сәйкес жасау; құқық бұзушылық фактілерін анықтау және ашу; кінәлілерге жаза мен жауапкершіліктің шегін анықтау; бұзылған құқықты қалпына келтіру.

9. Қолданылу аясы

Қазақстанда заңгер қызмет жасай алатын жұмыс орындарына жататын тізімге назар аударсақ, оларға прокурорлық қызмет, прокурордың көмекшісі, тергеушілер, судья, адвокаттар, юристконсульттар, нотариустар, ішкі істер органдарының жедел іздестірушілері, салық полицейлері, кеден органдарының, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдардың, мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері, меншіктің барлық нысанында құрылған кәсіпорындардың басшылары жатады. Заңгерлердің кәсіби мүмкіндіктері арнайы құрылымдарға таралады, яғни, олар: сот, құқық қорғау органдары, сонымен қатар, басқарушылық және шаруашылық секторлар. Тәжірибеде көбінесе, заңгерлер өз мамандығы бойынша банктерде, саудада, сақтандыруда, заңды тұлғалардың басшылығында жұмыс істейді. Жаңа жұмыстар жеке кәсіпкерлердің, тұтынушылардың, авторлардың құқықтарын қорғауда, заңсыз бәсекелестіктің алдын алуда, құрылыс пен риелторлық қызметте пайда болады.





10. Еңбек шарты: заңгерлер жеке және ұжымда жұмыс істей алады. Жұмыс уақытының көп бөлігін жұмыс орнында өткізеді (қызметтік міндеттерін жүзеге асыру мақсатында сотта немесе өзге кәсіпорындарда болуы мүмкін).

11. Кәсіптік қауіп: заңгердің жұмысы жоғары жауапкершілікті талап етеді. Аса қауіпті қылмыстық істерді тергеу, ашу, қарастыру кезінде прокуратура, сот қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігін, өмірін тәуекел етеді.

12. Талап етілетін кәсіптік білімдер:

«Кеңесші-заңгер» біліктілігін алу үшін 0201000 «Құқықтану» мамандығы бойынша кәсіптік білім алу қажет.

13. Мансаптық өсу:

Заң саласы бойынша мансаптық үшін жоғары білім болуы тиіс, әрі қарай тәжірибие жинақтау және өздерінің кәсіби қасиеттерін жақсарту керек, және де өздерінің жеке кәсіптерімен айналасуға (мысалы жеке практикамен айналысатын нотариус, адвокаттық қызметпен айналысуға болады). Мансаптық даму жолында басқарушылық қызмет атқару мүмкіндіктері бар.